# QAZAQ UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ | WWW.FARABI.UNIVERSITY | №7 (1920) 26 АҚПАН 2024 ЖЫЛ




# Жас дарындарға ЖОЛ АШҚАН КӨРМЕ

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына арналған Digital Farabi II халықаралық форумы өтті.**

Шараға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, бизнес өкілдері, отандық және шетелдік ғалымдар қатысты.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек онлайн байланыс арқылы сөз сөйлеп, форум жұмысының өзектілігін атап өтті. Министр өз сөзінде жасанды интеллектінің кәсіби қызметке сандық және сапалық әсерін талдайтын «ЖИ басқаратын автоматтандырылған әлемдегі кеңейтілген жұмыс» бойынша IBM есебінің деректерін ұсынды.

«Соңғы бес жылда 27 ел жасанды интеллектіні дамытудың өзіндік тұжырымдамасын әзірледі. Ел Президенті осы бағытқа басымдық беруді тапсырды. Есептің екі негізгі қорытындысы: біріншісі – жасанды интеллект төңкерісі болды, екіншісі – алгоритмдер адамдарды тікелей алмастыра алмайды. Жасанды интеллектіні, жаңа технологияларды игерген мамандар ЖИ мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндіктері мен ресурстары жоқ адамдарды еңбек нарығынан ығыстыра бастайды», – деді министр.

Жалғасы 2-бетте

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаевпен кездесті.**

# ҚазҰУ мен ҰҒА байланысы арта түседі



Жүздесуде Жансейіт Түймебаев академия басшысына ҚазҰУ-дың ғылыми инфрақұрылымын таныстырып, оқу ордасының ғалымдары әзірлеген инновациялық жобаларға тоқталды. Өз сөзінде ректор жас ғалымдарды даярлауда, ғылыми жобаларды дамытуда, ғалымдардың тәжірибесін жетілдіруде ҚазҰУ мен ҰҒА бірлесіп жұмыс істеуі қажет екенін жеткізді. Университет басшысы аталған жұмыстарды жүзеге асыруда екі тараптың әлеуеті мол екенін баса айтты.

Өз кезегінде ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев серіктестікті дамытуға бағытталған барлық бастамаларды қолдайтынын жеткізіп, болашақта университет пен академия арасындағы қарым-қатынастың артатынына сенім білдірді.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

# Ғылымдағы жас көшбасшылар отырысы өтті

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ҚР Ұлттық ғылым академиясы жас көшбасшыларының отырысы өтті.**

Жиынға ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық құрылтай мен Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің мүшелері, жоғары оқу орындарының және ҒЗИ-дың жас ғалымдары қатысты.

Жалғасы 2-бетте




3-бет

Студент ақылды балдақ құрастырды





4-бет

Аманжол ҚАЛЫШ:

Біздің буын ғылымды ешкімнен қызғанбайды





5-бет

Айжаз ШЕЙХ:

Университет ұжымының кәсіби деңгейіне тәнтімін




# Жас дарындарға жол ашқан көрме



Соңы. Басы 1-бетте

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев: «Әлем қазірдің өзінде жасанды интеллект дәуірінде өмір сүріп жатыр. Мемлекет басшысы атап өткендей, алдымызға қойылған негізгі міндеттер – «цифрлық теңсіздікті» барынша азайту және «цифрлық агломерацияны» ілгерілету. Бұл әсіресе географиялық жағынан ірі мемлекет болып отырған Қазақстанда аса өзекті. Экономика мен қауіпсіздік, медицина, білім, өмірдің барлық салаларына жаңа технологияларды енгізіп дамыту мен интеграциялау кезінде осыны ескеру маңызды», – деп атап өтті.

Форум аясында ғылыми-инновациялық көрме ұйымдастырылып, ҚазҰУ-дың ғалымдары мен студенттері және «Stem» орталықтарындағы оқушылар өздерінің ғылыми әзірлемелері мен стартаптарын ұсынды.

параттарды жедел қабылдауды үйренеді. Алдағы уақытта жоба авторлары мобильді қосымшаға логопедтердің видеодәрістерін енгізуді жоспарлап отыр. Болашақта мобильді қосымша толық біткеннен кейін ата-аналар тегін пайдалана алады.

ҚазҰУ-дың жас ғалымдары ұсынған жобаның бірі – «Интеллектуалды автоматтандырылған ақылды жылыжай». Бұл ақылды жылыжай дақылдарды өсіру процесін жеңілдетіп қана қоймай, адамдардың жұмысын барынша азайтады. Ягни өсімдіктерді қажетті кезде ғана суару үшін және ауа температурасын қадағалау мақсатында арнайы датчиктер орнатылған. Аталған датчиктер арқылы жылыжайдағы жұмыстар заманауи технологиялардың көмегімен жүзеге асады. Жобаны жетілдіру барысында студенттер жан-жақты ізденіп, энергия көзін күн панельдерінен алған. ҚазҰУ-дың 3-курс студенті, жоба авторларының бірі Гүлнұр Құдайбергенованың сөзінше, мұндай ғылыми жоба әлемдік практикада бар көрі-



неді. Ал Қазақстанда ақылды жылыжайдың баламалары болғанымен, олар толық жүзеге асырылмаған.

Шараның мақсаты – жас ғалымдардың инновациялық жобаларын іске асыруға қолдау көрсету және нарыққа шығуына жәрдемдесу.

Келушілер назарына 20-дан астам инновациялық жоба ұсынылды.

Солардың қатарында университет ғалымы Диана Рахимова сөйлеу қабілеті нашар балаларға арналған қазақ тіліндегі мобильді қосымшаны таныстырды. Жобаның мақсаты – жасанды интеллектіні пайдалана отырып, оқу және жазу әдісі арқылы балалардың сөйлеу қабілетін жетілдіру және дамыту. Ғалым дайындаған ғылыми жобаның арқасында балалар тез сөйлеуді және ақ-

Оқу ордасында ұйымдастырылған көрменің арқасында келушілер жас ғалымдардың ғылыми-инновациялық жобаларымен толығырақ танысуға мүмкіндік алды.

Сондай-ақ форум аясында бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге барлығы 35-тен астам ірі компаниялар мен ұйымдар қатысты. Жұмыс берушілер студенттерге әртүрлі саладағы бос жұмыс орындарының кең таңдауын ұсынды.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

# Ғылымдағы жас көшбасшылар отырысы өтті

Соңы. Басы 1-бетте

Отырыс барысында жетекші жас ғалымдар ғылыми экожүйені дамыту және ғылыми зерттеулердің басым бағыттары бойынша өз идеяларымен бөлісті. Сондай-ақ жас ғалымдардың ғылымдағы рөлін арттыру және оларды әлеуметтік қолдау шаралары туралы өз ұсыныстарын ортаға салды.

Іс-шараны Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев ашты. «Ұлттық ғылым академиясының басты міндеті – ел экономикасының дамуына үлес қосуға қабілетті және дарынды жастарды тарту орталығына айналу. Академияның қызметін одан әрі дамытуда және жетілдіруде жас ғалымдардың пікірі біз үшін маңызды. Түйткілді мәселелердің барлығын бүгінгі жиында талқылайтын боламыз. Академия басшысы ретінде жас ғалымдардың өз ұсыныстарын жеткізіп қана қоймай, ғылыми саладағы өзекті мәселелерді шешуге тікелей қатысқанын қалаймын», – деді Ақылбек Күрішбаев.



Сөз соңында академия президенті ҚР ҰҒА жанынан алғаш рет Жас ғалымдар кеңесінің құрылғанын жеткізді. Кеңес еліміздің жас ғалымдарын біріктіретін және өз қызметі үшін барлық қажетті өкілеттіктерге ие беделді ұйымға айналады.

ҚР ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сөз сөйлеп, ЖОО-лардағы ғалымдардың рөлі күннен-күнге артып жатқанын айтты. Бүгінде елімізде ғалымдардың саны 22 мыңнан асатынын жеткізді.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры құрметті қонақтарды қарсы ала отырып, оқу ордасында жас ғалымдарға жағдай жасау және олардың мүмкіндіктерін арттыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

«Бүгінде ҚазҰУ-да 40 жасқа дейінгі 300-ден астам жас ғалым жұмыс істейді. Көпшілігі әлемнің жетекші университеттері мен орталықтарында ғылыми тағылымдамадан өтті. Университетте Жас ғалымдар кеңесі нәтижелі жұмыс атқарып келеді. ҚазҰУ-ға зерттеу университеті мәртебесі берілгеннен бастап университеттік ғылымды дамытуға ерекше көңіл бөлініп келеді. Университет ғылымынан түскен табыс соңғы үш жылда екі есеге артып, 8,5 млрд теңгені құрады», – деді Жансейіт Түймебаев.

Кездесуде ғалымдар сөз сөйлеп, ғылымды дамытуға бағытталған бірқатар ұсыныстарын жеткізді.





**Света ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ**

# Психологиялық ғылым терминдерін қалыптастырушы

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да университеттің 90 жылдығы аясында мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат, академик Төлеген Тәжібаевтың ғылыми мұрасын зерттеуге арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**



«Қазақстанның ғылым және білім беру жүйесі: даму жолдары мен перспективалары» тақырыбында өткен конференция аясында Т.Тәжібаевтың ғылыми еңбектерінің көрмесі ұйымдастырылып, ғалымның өмірі мен қызметі туралы фильм көрсетілді.

«Төлеген Тәжібаев 1947 жылдан 1953 жылға дейін С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің ректоры қызметін атқарды (қазіргі ҚазҰУ). Ғылыми жұмыспен мемлекеттік қызметті ұштастырып, елдің дамуына зор үлес қосты. Педагогика, психология саласында іргелі зерттеулер жүргізіп, ізбасар шәкірттер тәрбиеледі. Қазақ тіліндегі психологиялық ғылым терминдерінің қалыптасуына елеулі үлес қосып, өзінің ғылыми мектебін қалыптастырды», – деді Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев.

Ғылыми басқосуда Үндістанның Қазақстандағы елшісі Свапнил Шарад Котхаваде, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының директоры Зулфухар Гаипов және т.б. сөз сөйледі.

Конференция барысында көрнекті ғалым, ҚазҰУ ардагері Жолмұхан Түрікпенұлы мен ҚазҰУ профессоры Алмасбек Мәуленовтің академик Төлеген Тәжібаев туралы жазған «Заңғар тұлға» атты кітабының тұсаукесері өтті.



**Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ**

WWW.FARABI.UNIVERSITY №7 (1920) 26.02.2024 ЖЫЛ АПТАЛЫҚ 1948 ЖЫЛДЫҢ 20 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# Халықаралық қатынастардың жаңа геосаяси жағдайдағы өзекті мәселелері талқыланды

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Халықаралық қатынастардың жаңа геосаяси шынайылығындағы өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.**



Шара халықаралық қатынастар факультетінің іргетасын қалаушы, еліміздегі «Халықаралық қатынастар» мамандығын алғаш рет жүзеге асырған профессор, ғалым Жарас Ибрашевтың 95 жылдығына арналды.

Айтулы датаға орай, халықаралық қатынастар факультетінде Жарас Ибрашев атындағы аудитория жаңартылып, қайта ашылды.

Халықаралық конференцияның мақсаты – Қазақстанның сыртқы саясатындағы түйткілді мәселелерді, халықаралық құқық, әлемдік экономика, дипломатиялық аударма саласына қатысты мәселелерді талқылау.

Жиынға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, ҚР Сыртқы істер министрлігінің өкілдері, отандық және шетелдік сарапшылар мен ғалымдар қатысты.

Конференцияда Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев Қазақстан Республикасының мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің құттықтау хатын оқып берді. Хатта: «Жарас Омарұлы халықаралық қатынастар теориясын терең зерттеп, осы саланы дамытуға зор үлес қосты. Еліміздегі білім жүйесін жетілдіруге саналы ғұмырын арнап, іргелі еңбектер жазды. Оның бастамасымен Қазақстанда тұңғыш рет Халықаралық қатынастар кафедрасы ашылды. Ол жарты ғасырдан астам уақыт Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да абыройлы қызмет атқарып, әріптестерінің зор құрметіне бөленді. Ғалымның мол мұрасы алдағы уақытта да ел игілігі үшін қызмет ете береді деп сенемін», – делінген.

Өз кезегінде ҚазҰУ басшысы Жансейіт Түймебаев қажырлы еңбегі мен зерттеулерінің арқасында отандық дипломаттардың үлкен мектебі қалыптасқанын атап өтті.

«Жарас Омарұлы – Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түлегі. Профессор 100-ден астам ғылыми зерттеу мақаласының және бес монографияның авторы. Жарас Ибрашевтың ғылыми жетекшілігімен Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Асқар Мусинов және басқа да танымал дипломаттар мен мемлекет қайраткерлері диссертация қорғады. Көрнекті ғалым 35 ғылым кандидаты мен 10 ғылым докторын дайындап, ізбасар шәкірттер тәрбиеледі. Халықаралық қатынастар, еуропалық интеграция, ұлттық дипломатия мәселелерін терең зерттеді. Францустанушы, еуропалық және еуразиялық мәселелерді зерттеушілер ғылыми мектебінің көшін бастады. 1992 жылы ҚазҰУ-да Халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты кафедрасының негізін қалады», – деді ректор.



Конференция барысында отандық және шетелдік ғалымдар, сарапшылар сөз сөйлеп, өз пікірлерін ортаға салды.

**Гүл БАЯНДИНА**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің делегациясы Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университетінің 125 жылдығына арналған ғылыми апталыққа қатысты.**

# Санкт-Петербург университетімен серіктестік



Ұлы Петр атындағы Санкт-Петербург политехникалық университеті – Ресейдің жетекші жоғары оқу орындарының бірі. 1899 жылы негізі қаланған оқу ордасында бүгінде 35 мыңнан астам студент білім алады. Оның 6 мыңнан астамы шетелден келген. Білім алушы жастарға 2000-нан астам оқытушы-профессорлар дәріс береді.

Ғылыми апталыққа ЖОО ректорлары, академик-ғалымдар, ғылыми-зерттеу институттарының басшылары шақырылған. Апталықтың ашылу салтанатында Санкт-Петербург политехникалық университетінің ректоры Андрей Рудской сөз сөйлеп, білім ордасының 125 жылда жеткен жетістіктерімен таныстырды.

Сапар барысында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев бастаған делегация Санкт-Петербург политехникалық университетінің және Өнеркәсіптік менеджмент, экономика және сауда институты жоғары бизнес-инжиниринг мектебінің ғылыми инфрақұрылымымен танысып, басшылығымен кездесті. Жүздесуде ғылым мен технология саласындағы серіктестікті дамыту бойынша пікір алмасты.

Кездесуде тараптар бірлескен зерттеу орталығын ашуға, сондай-ақ магистранттар мен докторанттарды ғылыми жобаларға тарту үшін ортақ ғылыми семинарлар өткізуге уағдаласты.

**Айнұр АҚЫНБАЕВА**

# Қытай ғалымдарымен ортақ жобалар іске асады

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға бірлесен зертхана ашу мәселесін талқылау үшін ҚХР Ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институтының делегациясы келді.**



Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректор Жәмила Айтжанова Қытай делегациясына қаңтар айының соңында Үрімжі қаласында ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық көрмесін ұйымдастыруға қолдау көрсеткендері үшін алғысын білдірді.

ҚХР Ғылым академиясының Шыңжаң экология және география институтының делегациясымен кездесу барысында «Қашықтан зондтау технологиялары және оларды қолдану жөніндегі Қазақстан – Қытай бірлескен зертханасы» үшін ғимаратты дайындау және оны ашу мерзімін және басқа да мәселелер талқыланды.

Тараптар сондай-ақ Belt and Road Initiative шеңберінде «Табиғи ресурстарды қашықтан мониторингілеудің типтік технологиясын бірлесіп әзірлеу және қолдануды көрсету» атты бірлескен халықаралық жоба бойынша сұрақтарды саралады.

**Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ**

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жас ғалымы карттарға арналған ақылды және көпфункционалды балдақ құрастырып шығарды.**

# Студент ақылды балдақ құрастырды



Университеттің 1-курс студенті Ерзат Мырзахан ойлап тапқан құрал егде жастағы адамдардың баспалдаққа көтерілуін жеңілдетеді. Яғни қарт адамдар екі бұранда арқылы баспалдақ тұтқасын қысып, жоғары қабатқа шыға алады.

«Құралдың басты ерекшелігі – мұнда GPS орнатылған. Яғни балалары мен ағайын-туыстары қарт анасының немесе әкесінің қайда жүргенін телефондары қосымша арқылы біле алады. Егер де қарт адам кешеде құлап қалған болса, балаларының ұялы телефонына хабарлама келеді. Сондай-ақ аталған балдаққа арнайы лазерлік шам қойылған. Бұл алдағы бөгеттерді, кедергілерді анықтап, қарт адамға дыбыстық белгі береді», – дейді жоба жетекшісі Ерзат Мырзахан.

Бұдан бөлек, балдаққа радио және түнгі уақытта жүру үшін арнайы жарық орнатылған. Балдақтың жалпы салмағы – 300-400 грамм, ал ұзындығы 1 метрге дейін созылады.

Жас ғалымның айтуынша, балдақ арзан құрылғылардан жасалғандықтан, оның нарықтағы бағасы да төмен.

**Нұрсұлтан БАЗАРБАЙҰЛЫ**

**Аманжол ҚАЛЫШ,** тарих ғылымының докторы, профессор:

# Біздің буын ғылымды ешкімнен қызғанбайды



**– Аманжол Боранбайұлы, тарихқа құштарлығыңыз балалық шақтан басталған сияқты. Оған не әсер етті?**

– Дұрыс айтып отырсыз, жалпы, тарихқа балалығымнан қызықтым. Тіпті құштар болдым десем, артық айтқандық емес. Алғашқы қауымдық құрылыс, адамзаттың жаратылысы – бәріне ынтызар болып өстім. Өткен ғасырдың 50-60 жылдары, мен төртінші сыныпта оқып жүргенімде, әлемде 150-160 мемлекет болды, соның бәрін, астанасымен қоса, жатқа білетінмін. Өзіме қызық болған соң, қолға түскен газет-кітапты көп оқитынмын. Кішкентайымнан алғыр едім, сабақты жақсы оқыдым, 4-5 кластарда жаңа сабақты алдын ала оқып, меңгеріп алатынмын. Мұным ұстаздарыма да ұнайтын, озат оқушыны олар сыныптастарыма үлгі етіп, кейде өтпеген жаңа сабақты да айтқызып қоюшы еді. Оның үстіне үлкендердің де әңгімесінен қалыс қалмайтынмын.

Осы ҚазҰУ-дың тарих факультетін бітірген нағашы апам бар еді. Сол кісі алғаш «Алтын адамды» тапқан ғалым Кемел Әкішұлымен бірге оқыған, оның да көп әңгімесін естідім. Өзімнің ата-анам да өте тағдырлы ғұмыр кешті. Әкем үш жасында жетім қалды, 1939 жылы Фин соғысына кетіп, содан аман-есен келді. Шешем Павлодардың, атақты Баянауылдың қызы еді. Атамыз көзі ашық, белсенді, дәулескер күйші болған. Жиырмасыншы жылдары басталған ашаршылық, одан кейінгі зобалаң, репрессия кезінде, өздеріңіз білесіздер, ел-жұрт бас сауғалап, жан-жаққа қашты. Жетісу өңірі негізінен Қытайға, Орталық Қазақстан Ресейге, оңтүстік өңір өзбек, қарақалпақ жеріне, батыс өлке Түрікменстан, Ауғанстан асып, Иран жаққа босып кетті. Аштық жылдары тек малмен күнелткен Батыс және Орталық Қазақстан жеріндегі 100 қазақтың 70-і аштан қырылған. Қазіргі Өзбекстанның өзінде кемінде 3 миллионнан 5 миллионға дейін қазақ өзбек болып жазылып кеткен.

Біздің туыстарымыз да осы өзбек, қарақалпақ, түрікмен жеріне өтіп кеткен екен. Содан бала кезімізде олар ауылға қыдырып келеді, әңгімелерін айтады. Әкем мені сол жаққа ағайындарға апарушы еді, олардың ұлттық салт-дәстүрді берік ұстағаны сондай – қазақтың текемет-сырмағы, алаша-кілемі – бәрі-бәрі болатын. Осы күні ойлап қарасам, әкем мені ұлттық болмыстан, санадан, дәстүр мен мәдениеттен ажырап қалмасын деп осылай тәрбиелепті. Әйтпесе мен өскен өңір Ақтөбе облысы кеңес кезінде өзге ұлты басым аймақ болды. Тәуелсіздік алмағанымызда осы күні орыс болып кетер ме едік, қайтер едік? Міне, осы жағдайдың бәрі ықпал етіп, төртінші-бесінші сыныпқа келгенде тарихшы боламын деп шешкен едім.

**– Содан ҚазМУ-ға оқуға түсуді армандадыңыз...**

– Иә, ол кезде мен ҚазМУ-ды қайдан білейін, әйтеуір, Алматыда оқимын дейтінмін. Құдай аузыма салды ма, кейін сегізінші сыныпқа келгенде, Ақтөбенің Хромтау ауданының Кекілтау стансасында оқып жүргенімде Алматыда, ҚазМУ-да оқимын деп түбегейлі шештім. Ол кезде жоғары оқу орнына түсу өте қиын. Байқау өте жоғары. Осыны ескерген ата-анам мені Орынбордың Ор қаласына 9-10 сыныпты оқуға жіберді. О, ол кездің білімі қандай еді, шіркін. Біз орта мектепті үш сынып бітірдік, сол үш сыныптан бірде-бір оқушы «Алтын белгі» алған жоқ. Білімге қойылатын талап өте күшті-тін. Мен оқыған мектеп-интернатты әділет министрі болған, кейін заң академиясын ашқан атақты Нағашыбай Шайкенов бітірген еді. Кейін оның інісі Барлық Амангелдіұлы да осы Ор қаласындағы сол білім ордасын бітірді. Ол қырғыз елінде қалалық оқу білімінің басшысы қызметін атқарды, осы елдің Алматыдағы бас консулы да болды, міне, мен де білімге талап өте жоғары жерде білім алдым. Ақыры Алматыға келіп, өзім армандаған ҚазМУ-ға 23 балл жинап оқуға түстім. Өзімше «сабақты жақсы оқимын, бұзықтық жасамаймын» деп ант қабылдадым. Сағат 8-ден 1-ге дейін сабақ, екіден кешкі 9.30-ға дейін Пушкин атындағы кітапханаға барып сабақ оқимын. Сонда терезеге қарап отырып, ауылды аңсаймын. «Оқуға түсе алмай қалған достарым ауылда қалды, теміржолда ауыр жұмыс істейді, ал мен Алматының төрінде, ҚазМУ-да оқып жатырмын» деген ой кеудемді қуанышқа толтыратын еді. Қас қарайғанша кітап оқимын. Кей күндері кітапханашылар қуып шығады. Біз білімге осылай құштар болдық.

**– «Елу жылда – ел жаңа» дейсіз ғой...**

– Ол кезде енді кітап та, оқулық та тапшы. Қазір ғой, оқимын деген жасқа бәрі бар. Компьютерде ақпарат тұнып тұр. Әлі есімде, тарихтан бір-екі оқулық болды. Кітапханаға кім бірінші барады, соның қолына алдымен түседі. Конспекті жасаймыз, керек жерін түртіп аламыз дегендей. Түнгі бірге дейін кітап оқығанда мен біреу үшін емес, өзім үшін оқыдым. Шіркін, біздің кезіміздегі ұстаздар, ғалымдар, басшылар қандай еді... Шетінен өз саласының ұста, зергері еді ғой. Шыны керек, біз де оларды пір тұттық. Ректорымыз Өмірбек Арсланұлы қандай азамат еді! Үлкен ғалым, білікті басшымыз студенттердің де, оқытушының да жағдайын жасап жүретін. Ол кісінің алдындағы Закарин деген ректорымыз ерекше білгір, байсалды, ұстамды кісі еді. Осы ҚазҰУ қалашығының жобасын жасаған адам, кейін оны Ө.Жолдасбеков жалғастырды. Қандай ерекше тұлғалы азаматтар еді, қазір сол кісілерді қимастықпен еске аламын.

Атақты экономист Яхия Әубәкіров қандай білімді, салиқалы ғалым еді. Ол кісі қайбір жылдары проректор қызметін атқарды. Танымал пианист, Құрманғазы атындағы консерваторияның ректоры болған Жания Әубәкірованың әкесі. Тарих факультетін басқарған Дина Дулатова деген ғажап ұстазымыз болды. Осы кісілердің тәрбиесін алып, білімін меңгерген бізде, сірә, арман жоқ шығар. Дина Дулатова апайымыздың анасы Зейнеп Мұқаметжанова 50-60 жылдары атақты №12 мектептің директоры болған. Сондай зиялы отбасынан шыққан Дина апайымыз мықты менеджер еді. Ондай тиянақты, жанашыр ұстаздар осы күні кемде-кем-ау. Сол кезде факультеттің студенттерін өзі бас болып, Мәскеу музейлерінен, атақты Эрмитаждан тәжірибеден өткізуші еді. Біздің тарих факультетінде қыздар өте көп оқыды, жігіттер аз болушы еді. Түрлі байқауларда 12-13 орында жүретін едік. Дина Дулатова өзінің кәсіби білгірлігі арқасында факультетті 4-5 орынға дейін көтерді. Сосын сол кездің білім алушылары «өзімнің университетіме, факультетіме үлесімді қалай қосам» деп ойланып жүретінбіз. Мен өзім аса өнерпаз бола қоймадым, содан 1-курста оқып жүргенімде факультеттің абыройын асыруға үлес қосқым келіп, ешкімге айтпай, көлемі 4/5, тушьпен бояп, әдемілеп панно жасадым. Оның жиегін ағашпен көмкердім. Содан оны байқау болып жатқан күні алып келдім. Сондағы ұстаздарымның қуанғаны әлі күнге дейін көз алдымда тұр. Қандай бақытты күндер еді, шіркін. Мен осының бәрін неге айтып отырмын? Қазір өзі рухани құндылықтардың құны түскен заман болды ғой. Жастар білсін, өткеннен өнеге алсын деген ниетпен айтып отырмын.

> **Ғылым жолы – ауыр жол. Сондықтан оған екінің бірі бара бермейді. Біздің ерекшелігіміз – ғылыми-зерттеу университеті болғандықтан, жастарды ғылымға тартуымыз керек.**

**– Алаш шежіресін жазып, елдегі этникалық топтың мәдениетін, этнографиясын зерттедіңіз. Жастар бұл тақырыптарға қызыға ма?**

– Студент кезімде тарих факультеті комсомал ұйымының төрағасы, университеттің комсомал ұйымы төрағасының орынбасары, құрылыс отрядының комиссары болдым. Қазіргі Экономика және жоғары бизнес мектебі, заң факультеті отырған ғимараттың құрылысын осы өзіміздің студент жастар құрылыс отряды салдық. В.Ленин атындағы шәкіртақы алдым. Студент кезімде «Құрмет» белгісіне ұсынды. Ол кезде өзін-өзі басқару деген болды. Студенттердің стипендия, жатақхана мәселесін кәсіподақ ұйымымен бірге шешетінбіз. Жәкен Таймағамбетов деген ұстазымыз болды, спорт, музыка саласындағы студенттер университеттің атын шығарып жүр ғой деп, олар «үштік» баға алып қалса да, жоғары шәкіртақы қоятынбыз. Осының бәрі қазір айтсаң ертегі сияқты. Небір ғажап күндер өтті ғой бастан...

Кейін Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнография ғылыми-зерттеу институтына аспирантураға түстім. 15 жыл ғылыми жұмыспен айналыстым. Ол кезде техника, жабдық қат. Біздің ғылыми экспедицияларымыз АҚШ, Жапонияға дейін барды. Көп тәжірибе жинадық. Әл-Фараби атындағы университеттен тығыз байланыста болдық. Қазақстандағы этникалық топты зерттедім. Олардың мәдениетінде қандай өзгеріс болып жатыр, қазақ халқы олардың дамуына қандай ықпал етуде, соны зерттедім. 1992 жылы Дина Дулатова апайым университетке шақырып, содан ауысып келдім. Сол жылдары да алдымызда жастарды ғылымға тарту міндеті тұрды. Отбасы мен неке мәселесін жаңа әдіспен зерттедім. Кеңес кезіндегі саясатты білесіздер, сыртқа, Ресейге, Қытайға, Түркияға, Иран мен Ауғанстанға босып кеткен көшті бізге сатқын ретінде көрсетті. Өзіміздің тарихи этнографиямыздың шындығын зерттедік. Шетелдегі қазақ диаспорасы елге қалай келіп жатқанын қаузадық.

Бір қызық айтайын сіздерге, 90-жылдары Маңғыстау өңірінде, Жаңаөзенде Ираннан келген зиялы қазақтармен таныстық. Ол кезде Ираннан тарихи Отанға қайтуға аса рұқсат жоқ, елге келу үшін футболдан команда құрып, солай келген екен. Марат Мұқановпен қандастарымыз елге қалай келді, жергілікті жерге қалай бейімделіп жатыр, осы мәселені зерттедік. Қазақ тарихы мен этнографиясы кафедрасы қалталы зиялы қазақтарды тартып, «Алаш» тарихи-зерттеу орталығын құрдық. Оған марқұм Талас Омарбек ағамыз бас болып, Х.Қабжалелов қолдап көп еңбек сіңірді. Осы орталықта «Алаш» шежіресін жазуға қатыстым.

Ғылым жолы – ауыр жол. Сондықтан оған екінің бірі бара бермейді. Біздің ерекшелігіміз – ғылыми-зерттеу университеті болғандықтан, жастарды ғылымға тартуымыз керек. Жастарға ғылыммен айналысатындай жағдай жасауға тиістіміз. Дәрісті екінің бірі оқиды, ал ғылыммен кез келген адам айналыса алмайды. Сондықтан ғылымға бет бұрған жастарға құшағымыз қашанда ашық. Олардан бойдағы білімді, тәжірибемізді аямаймыз. Оқулықтардан тыс білімді меңгеріп, яғни көрген-білген, түйгенімізді бергіміз келеді. Біз оқыған жылдары қазақ, орыс бөлімі деп бөлінбейтінбіз. Қазақша шыққан кітаптарды орыс бөлімінің студенттері оқитын, орысша кітапты қазақша білім алатындар оқитын. Гоголь көшесінің бойындағы «Букинист» кітап дүкеніне апта сайын барамыз, өткізген кітаптарды таласа алатынбыз. Міне, сол кітап дүкенінен қазіргі ректорымыз Жансейіт Қансейітұлын жиі көретін едім. Бірде барып қалсам, XIX ғасырдағы орыс классигінің кітабын алып жатыр екен. Сол кезде қазақ бөлімінің жігіттері орысша көп оқитын еді. Біз сияқты орыс тобының жігіттері қазақша оқитынбыз. Осылай университеттен мықты тәлім-тәрбие алғанбыз.

Біздің бойымызда ғылымға деген қызғаныш жоқ, барымызбен бөлісеміз. Әңгімемнің соңында өзімді мазалайтын бір оймен бөліссем деймін. Қазіргі жастар білім алады да, өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Батыста, Жапонияда жұрт алған білімін өмірінің соңына дейін қолданады. Бізде олай емес. Мысалы, оның ішінде өз балаларым да бар, басқа салаға ауысып кетті. Химик пе, өмірінің соңына дейін осы саланы қаузасын, математик те солай болсын. Жалпы, мен тарих, заң саласындағы династияға қарсымын. Шахтерлардың, ауыл шаруашылығы, т.б. салалардың династиясы болса болсын, ал тарихқа келгенде қарсымын. Әр адам көз майын тауысып алған білімін өмірінің соңына дейін игілігіне жаратса, одан өзі де, қоғам да пайда табады.

**– Әңгімеңізге рақмет.**

**Сұхбатты жүргізген Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ**

## Профессор Айжаз ШЕЙХ:

# Университет ұжымының кәсіби деңгейіне тәнтімін

**Жас ғалымдардың білімін шыңдап, ғылымдағы тәжірибесін жетілдіруде шетелдік ғалымдардың тәжірибе алмасуы университеттің елдегі және халықаралық ғылыми қоғамдастықтағы бет-бейнесі мен орнын нығайтуға оң ықпал жасамақ. Жаһандық стандарттарға сай сапалы мамандар даярлау – оқу ордасының басты міндеттерінің бірі. Осы мақсат аясында Экономика және бизнес жоғары мектебі жыл сайын магистранттар мен докторанттарға дәріс оқуға шетелдік профессорларды шақыруда. Финляндияның Йювяскюля университетінің профессоры Айжаз Шейх өз тәжірибесімен бөлісті.**



**ҚазҰУ студенттеріне сапалы білім беруімен әйгілі. ҚазҰУ халықаралық академиялық институттармен және ғылыми орталықтармен тығыз байланыста, бұл оның бағдарламаларының бүгінгі жаһандық экономиканың қажеттіліктеріне сай болуын қамтамасыз етуге көмектеспек.**

Доктор Айжаз – «E-Business Research International» журналының редакциялық шолу кеңесінің мүшесі және арнайы шығарылымның редакторы. Финляндияда және басқа елдерде он бес жылдан астам университет деңгейінде оқытушылық және бес жылға жуық ғылыми зерттеулерде елеулі тәжірибесі бар. Ол Қазақстан, Финляндия, Швеция, Норвегия, АҚШ, Оңтүстік Африка, Иран, Сауд Арабиясы және Гана елдерімен халықаралық ғылыми ынтымақтастық байланыста. Бес жыл уақыт аралығында 350-ден астам дәйексөздері бар әйгілі ISI индекстелген журналдарында жарияланымдары мен конференция материалдары жарық көрді. Профессордың академиялық мамандығына цифрлық маркетинг, мобильді қаржылық қызметтер және ортақ цифрлық экономика т.б. тақырыптар арқау болуда. Ғалым ҚазҰУ-ға келгендегі алғашқы әсерін суреттеп берді.

– Алматы – жаһандық һәм дәстүрді үйлестірген қайнаған қала. Алатауды бауырлай орын тепкен шаһардың әйдік ғимараттары, көне мешіттері мен сәулетті сарайлары таңғалдыратын көрініске толы. Ал сайбақтарды қалалық өмірдің қарбалас қарқынынан демалуды қамтамасыз етеді. Міне, осындай алып қаланың қақ ортасынан орын алған ҚазҰУ Қазақстандағы ең беделді университеттердің бірі ретінде кеңінен танымал. ҚазҰУ студенттеріне сапалы білім беруімен әйгілі. ҚазҰУ халықаралық академиялық институттармен және ғылыми орталықтармен тығыз байланыста, бұл оның бағдарламаларының бүгінгі жаһандық экономиканың қажеттіліктеріне сай болуын қамтамасыз етуге көмектеспек, – дей келе, профессор Экономика және бизнес жоғары мектебінің Менеджмент кафедрасында атқарған азды-көпті жұмыстарына да тоқталды.

– Менің оқыту жолым – сандық технологиялар және ғылыми зерттеулер бойынша бірнеше дәрістерді қамтиды. Сонымен қатар оқытушылар мен қызметкерлерге арналған бірнеше сессия ұйымдастырдым. Өз баяндамаларымда әдетте Еуропа университеттерінде кең таралған оқыту, педагогика және зерттеу саласындағы озық тәжірибелеріммен бөлістім. Экономика және бизнес жоғары мектебінде әлемдегі ең үздік деп саналатын Финляндия білім беру жүйесі бойынша эксклюзивті сессия ұйымдастырдық. Мен Финляндияның білім беру жүйесінің пайда болуын, өсуін және қазіргі жағдайын түсіндіріп бақтым. Финляндиялық білім беру жүйесі – әділеттілікке, ұстаздарды дайындауға, шығармашылыққа және сыни ойлай білуге бағытталғаны үшін жоғары дәрежеде бағаланады. Осы бағытта түрлі ұсыныстарымды ортаға салдым, – деді профессор.

Оқу бағдарламасы аясында профессор Айжаз Шейх білім алушылар мен оқытушы-профессорлар құрамы үшін «Қазақстандағы тұрақты даму жолындағы цифрлық бизнес пен цифрлық экономиканы түсіну» курсы бойынша семинар сабақтарын өткізді. Студенттер мен оқу орнының қызметкерлері үшін «NVivo және SmartPLS зерттеулері бойынша ғылыми ізденістерді қалай жүргізу керек және деректерді талдауға арналған қосымшаларды қалай пайдалану керек?», «Теориялық модельдер мен құрылымдарды қалай жасауға болады және оларды ғылыми зерттеулерде жоғары сапалы Scopus журналдарында жариялау үшін пайдаланудың жолдары қандай?», «Қазақстанда ғылыми-зерттеу басылымдар мәдениетін қалай насихаттауға болады?», «Ғылыми зерттеулер Қазақстан үкіметіне, өнеркәсібіне, қоғамына қандай пайда әкелуі мүмкін?» деген тақырыптарда оқыту тренингтері мен семинарлар өткізді.

– ҚазҰУ-да болған кезімде «Цифрлық дәуірдегі оқыту және педагогика» тақырыбында арнайы сессия ұйымдастырдым. «Технологиялар мен цифрландыру оқыту мен педагогикалық тәсілдерді қалай өзгертті және университет студенттерінің оқуын, курс мазмұнына деген құштарлығын, оқуға деген қызығушылығын арттыру үшін не істеу керек?», «Жас түлектерді инновациялық, жоғары талапты еңбек нарығына дайындау қалай болмақ?» деген сұрақтарға цифрлық дәуірдің басты мәселесі ретінде жауап табуға тырыстық. Экономика және бизнес жоғары мектебінің декан орынбасарлары мен кафедра меңгерушілері де қатысқан осы сессияда мен Финляндияда күнделікті сабақ барысында қолданатын әртүрлі педагогикалық тәсілдерді түсіндіріп, көрсеттім. Мәселен, аталмыш жаңа педагогикалық тәсілдерге – синхронды (бетпе-бет/онлайн және офлайн) және асинхронды (алдын ала жазылған бейнелер/YouTube) кейс-әдісті оқыту, visio-case әдіспен оқыту, диалогтік оқыту, аралас оқыту, ойын негізіндегі оқыту, симуляциялар, подкастар және прайм-тайм режимінде оқыту сияқты тәсілдерді жатқызуға болады. Мен белді университеттің көптеген дарынды студенттерімен және профессорлық-оқытушылық құрамымен кездескенім үшін қуаныштымын. Сондай-ақ өз салам бойынша деректер жинауға және зерттеу жүргізуіме ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебінің ресурстары мен жан-жақты қолдауы көмектесті. ҚазҰУ ұжымының кәсіби деңгейі мен іскерлігінің жоғарылығына тәнті болдым. Сөз соңында Қазақ ұлттық университетіне оқытушылық сапарымда көрсетілген қонақжайлылық үшін ризашылығымды білдіргім келеді, – деп сөзін тамамдады ғалым.

**Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ**

---

**Жалпы, экология мәселесі адамзат дамуының барлық тарихи кезеңдерінде орын алып келеді. Қоршаған ортаны қорғау... Пластиктен бас тарту... Бұл бүгінде екінің бірі пікір айтатын тренд тақырыпқа айналды. Қоршаған ортаны қорғау мәселесі өзіміздің денсаулығымыздан бұрын, заманауи болып көріну үшін қажет сияқты. Экология тақырыбында сөз қозғап, көпшіліктің назарын аударуға тырысып жүргендер қатары да көбейіп жатыр. Алайда пластик заттарды тұтынумен қатар, ғаламға төнген тағы бір қауіптің бірі – жаһандық жылыну.**

# Жер, су, ауа – ұрпаққа мұра



XX ғасырдың басында ғалымдар Жер планетасындағы температураның өзгеруін зерттеп, жыл сайын жоғарылап отырғанын анықтаған. Ал 1980 жылы жылыну үрдісі дәлелденген.

1998 жылы Массачусетс университеті мен Аризона дендро-хронология университетінің ғалымдары Жер температурасының 1000 жылдағы өзгерісі туралы зерттеу жариялаған. Термометр болмаған кездегі ауа температурасын сол заман туралы ақпарат беретін дереккөздерден зерделеген. Нәтижесінде біраз уақыт нормадан алшақтау бәсең болып, ал XX ғасырда температураның жоғарылап, күрт өскені байқалды.

1987 жылы БҰҰ-ның Дүниежүзілік қоршаған орта мен даму комиссиясы «Біздің жалпы болашағымыз» атты есебінде «қоршаған орта үшін қауіпсіз жолда экономикалық дәуірге» аяқ басуға шақырды. Алғаш рет «Тұрақты даму» концепциясы ұсынылды. «Тұрақты даму» – қазіргі ұрпақтың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, болашақ ұрпақтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтын даму.

1992 жылдың маусым айында Рио-де-Жанейро қаласында өткен БҰҰ-ның қоршаған орта мен даму бойынша өткен конференциясы «Тұрақты даму концепциясы» атты ауқымды бағдарлама қабылдады. Бұл бағдарламада түйіні шешілуі тиіс болашақта тұрақты дамуды қамтамасыз ететін жалпы мәселелер қарастырылған. ТДМ-2030 1) азаматтардың өмір сапасын арттыруға, 2) мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуына, 3) экологиялық тұрақтылығына бағытталған 2030 жылға дейінгі мақсаттар мен индикаторлардың кешенді жинағы болып табылды. ТДМ-2030 жылға дейінгі бағдарлама 17 мақсаттан, сондай-ақ онымен өзектес 169 міндет пен 242 индикаторды қамтыды.

Осы орайда, өзім дәріс оқитын «Мұнай өңдеудегі газхимиясының үдерістері» пәні бойынша семестр бойы берген білімді пысықтау мақсатында ауқымды іс-шара ұйымдастырдық.

